



ЖАНАЛЫК ЖАРШЫСЫ

№20 (2435)
6 мамыр 2026 жыл
сәрсенбі
zhanalyk_zharshysy@mail.ru

Газет 1990 жылдың
1 қаңтарынан бастап шыға бастады

Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті

Құрметті оқырман! Газеттің электрондық нұсқасы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз! <https://zhanalyq-zharshysy.kz>



7 мамыр — Отан қорғаушылар күні

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 7 мамыр — Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке — ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін сақтауды өмірлік мұрат еткен ер азаматтарға деген ерекше құрметтің белгісі. Қазақстан сарбазы болу — абыройлы міндет, үлкен сенім мен жауапкершілікті талап ететін қасиетті жол. Отан қорғау — тек әскери борыш ғана емес, ол — елге деген адалдықтың, туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі.

Бүгінгі таңда бейбіт өміріміздің беріктігі мен тұрақтылығы — ел шебінде тұрған сарбаздарымыздың, құқық қорғау органдары мен арнайы қызмет өкілдерінің жанқияр еңбегінің нәтижесі. Олардың табандылығы мен ерлігі жас ұрпаққа үлгі болып, елге қызмет етудің биік парызы екенін айқын көрсетеді.

Жас буынға айтармыз — Отанға адал қызмет ету, елдің тыныштығын сақтау арқашан ең асыл құндылық болып қала береді. Баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға амандық, елімізге тыныштық пен бірлік тілейміз!

Құрметпен,
Аудан әкімі Д.Тоғызбаев,
Аудандық мәслихат төрағасы Б.Сейілханов.

Уважаемые жители района!

Примите искренние поздравления с 7 мая — Днем защитника Отечества! Этот праздник является символом мужества, чести и преданности Родине. Быть солдатом Казахстана — высокая честь и большая ответственность. Защита Отечества — это не только воинский долг, но и проявление истинного патриотизма, любви к своей земле и народу.

Сегодня мир и стабильность в нашей стране обеспечиваются благодаря самоотверженной службе военнослужащих, сотрудников правоохранительных органов и специальных служб. Их стойкость и верность присяге служат достойным примером для молодого поколения, воспитывая чувство долга и ответственности за будущее страны.

Пусть у подрастающего поколения крепнет стремление служить Родине, беречь мир и согласие. Желаем всем крепкого здоровья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне!

С уважением,
Аким района Д.Тоғызбаев,
Председатель районного маслихата Б.Сейілханов.



9 мамыр — Жеңіс күні

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 9 мамыр — Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл — тарихымыздың ең қастерлі беттерінің бірі. Сол бір сұрапыл жылдары түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері бір Отан, бір мақсат жолында жұмылып, адамзатқа қауіп төндірген зұлматты жеңе білді. Бүгінде біз тәуелсіз елдер болып өмір сүрсек те, Жеңіс сарбаздарының ерлігін елемей — тарихқа жасалған қиянат болар еді. Олардың жанқиярлығы — бейбіт өмірдің мәңгілік бағасы.

Ауданымызда соғыс ардагерлері болмаса да, сол жылдардың ауыртпалығын көтерген тыл еңбеккерлері мен соғысқа теңестірілген азаматтар арамызда. Тыл — бұл да майдан еді. Күндіз-түні тынымсыз еңбек еткен олардың маңдай тері Жеңісті жақындатты. Сонымен қатар, кейінгі ұрпақ арасында КСРО кезеңіндегі жарияланбаған соғыстарға қатысып, жастық шағын от пен оқтың арасында өткізген азаматтар да бар. Олардың да ерлігі мен тағдыры — құрметке лайық.

Ұлы Жеңістің тағылымы — ел бірлігінің, ынтымақ пен табандылықтың құдіретін ұғындыру. Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға береке тілейміз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Құрметпен,
Аудан әкімі Д.Тоғызбаев,
Аудандық мәслихат төрағасы Б.Сейілханов.

Уважаемые жители района!

Поздравляем вас с 9 мая — Днем Великой Победы! Этот день занимает особое место в истории. В те суровые годы люди разных национальностей объединились ради одной цели и одной Родины, проявив беспримерное мужество и стойкость. Сегодня, живя в независимых государствах, мы не имеем права забывать подвиг солдат Победы — это было бы несправедливостью по отношению к истории и памяти поколений.

Хотя в нашем районе уже нет ветеранов Великой Отечественной войны, рядом с нами живут труженики тыла и лица, приравненные к ветеранам. Тыл по праву можно назвать вторым фронтом — их самоотверженный труд стал неотъемлемой частью Великой Победы. Также среди нас есть представители последующих поколений, прошедшие через так называемые «необъявленные войны» периода СССР, чья молодость была опалена войной, пусть и за пределами нашей страны.

Память о Великой Победе учит нас ценить единство, мир и согласие. Желаем вам крепкого здоровья, долголетия, мира и благополучия! Пусть в каждом доме царят тепло и спокойствие!

С уважением,
Аким района Д.Тоғызбаев,
Председатель районного маслихата Б.Сейілханов.



ТАҒЗЫМ

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТ

Біз өткенге құрметпен қарап, қадірлеуді білетін киелі ұлттың ұрпағымыз.

Кеңестің кезең кезінде бір шекпеннің астында болған он бес ұлт бір ғана елді-КСРО-ны жалғыз отаным деп санады, соның амандығы, тұтастығы үшін өмірлерін отға байлады. Солардың арасында қаншама қазақтар болды. Кебінің ерлігі ескерусіз қалды, бірақ елі оларды ардақтады. Өйткені, олар бостандық үшін соғысты.

Кеңес заманының демі үзілер шақта біздің қаншама тұстастарымыз азаттық үшін күресіп жатқан елдерге жіберілді. Олар да бұғанасы бекімей жатып өмір мен өлім айқасында болды. Оқтың өтінде жүрді. Бұл үшін олар киелі емес еді. Ол империалистік мемлекеттің мүддесі болатын.

Бәз оларға тағзым етеміз, құрмет білдіреміз, бағалаймыз.

Тарихтың үнсіз беттері бар. Ол беттерде жазылған әр жол — оқтың жаңғырығымен, жүректің дүрсілімен, ананың көз жасымен бедерленген. Уақыт сол беттерді сарғайтқаныммен, ондағы ақиқат өшпейді. Тек кейде сол ақиқаттың айтылар сәті кешігіп жатады. Бірақ кешіккен шындық — жоғалған шындық емес. Ол бір күні бәрібір өз орнын табады.

Ұлы Отан соғысы — адамзат жадындағы ең ауыр сындардың бірі. Сол сын сағатта қазақ жауынгерлері де майданның алғы шебінде жүрді. Мәскеу түбіндегі шайқастардан бастап, Сталинградтың отты даласына, одан әрі Берлинге дейінгі жолда олар жанқиярлықтың теңдессіз үлгісін көрсетті. Бірақ сол ерліктің бәрі бірдей өз уақытында әділ бағасын алды деу қиын. Кеңестік жүйенің саяси ұстанымдары мен идеологиялық сүзгісі кейбір батырлардың есімін көмескі тартқызып, ерлігін тасада қалдырды.

Сол көмескі қалған есімдердің бірі — Рақымжан Қошқарбаев. 1945 жылдың көктемінде ол жауынгерлік серігімен бірге оқ пен оттың арасынан өтіп, Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып жетіп, жеңіс туын қадады. Бұл — тек әскери ерлік емес, бұл — адам рухының шексіз мүмкіндігін дәлелдеген тарихи сәт еді. Алайда сол кезде бұл ерлік толық мойындалмады. Тарихтың таразысы басқа жаққа ауып, шындық уақытша тасада қалды. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ елі өз батырын танып, оған лайықты бағасын берді. Уақыт өте келе ресейлік зерттеушілер де архив деректеріне сүйеніп, Қошқарбаевтың Рейхстагқа алғаш жеткендердің бірі екенін мойындай бастады. Бұл — ақиқаттың кешіккенімен, жеңгенінің айқын дәлелі.

Мұндай тағдырды бөліскен батырлар аз емес. Ұсынылса да, жоғары атаққа қол жеткізе алмаған, есімі айтылмай қалған жауынгерлер қаншама. Солардың қатарында Қ.Әбдірахманов, Ә.Көбеков, А.Сарбасов секілді жерлерімізді атауға болады. Олар марапат үшін

соғыспады, бірақ олардың ерлігі батырлыққа лайық еді. Амап не, соғыстың негізгі өтіп жатқан Ресей, Украина, Беларусь азаматтарына Совет одағының батыры атағы мейлінше көбірек үлестірілді. Егемендік жылдары сол тарихи әділетсіздіктердің орны толтырылып, ұлт өз қаһармандарын қайта таныды. Бұл — тәуелсіздіктің тек мемлекеттік шекарамен өлшенбейтінін, оның ең басты өлшемі — ұлттық жады мен рух екенін көрсетеді.

Жеңіс — тек майдандағы ерлікпен келген жоқ. Тылдағы тынымсыз еңбек те сол жеңістің бір бөлшегі еді. Қазақ даласында қалған қарттар, аналар мен балалар күндіз-түні жұмыс істеп, майданды азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етті. Тыл — екінші майдан болды. Сол майданда да тәзім мен табандылықтың нағыз үлгісі көрінді.

Соғыстан кейінгі кезеңде де сарбаз тағдыры жеңіл болған жоқ. Кеңес дәуіріндегі жарияланбаған соғыстарда — Ауғанстан мен өзге де қақтығыстарда — талай жас өмір от пен оқтың ортасында өтті. Олар өз елінен жырақта жүрсе де, әскери антақа адал болды. Бұл — батырлықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сабақтастығы.

Бүгінгі Қазақстан әскері — сол даңқтың дәстүрдің жалғасы. Қазіргі таңда қазақстандық бітімгершілік күштері әлемнің түрлі өңірлерінде бейбітшілікті сақтау миссияларын атқаруда. Олар соғыс үшін емес, бейбіт өмірді қорғау үшін қызмет етуде. Бұл — жаңа заманның жаңа келбеті. Кеше жаумен шайқасқан сарбаздың ұрпағы бүгін бейбітшіліктің қалқанын ұстап тұр.

Қазақ сарбазының жолы — ерлік пен адалдықтың жолы. Уақыт бір кездері елемеген ерлікті бүгін ұлттың жадында қайта жаңғыртып отыр. Бұл — тарихтың әділдігі, ұрпақтың аманаты.

Біз кейде ерлікті тек өткеннің еншісінде қалған құбылыс деп қабылдаймыз. Ал шын мәнінде, ерлік — уақытпен өлшенбейтін ұғым. Ол кеше де болған, бүгін де бар, ертең де жалғасын табады. Тек оны танып, бағалай білу — біздің адамдық әрі азаматтық парызымыз. Ол қақтығыспен өлшенбейді, бейбіт күндегі әрбір адал еңбек, халыққа қалтқысыз қызмет, ар мен намысты аялап, ұлттық құндылықтарды ұлықтап жүрудің өзі ерен ерлік деп санауға болады. Ерлік-қару ұшында емес, елдік мұраты ойлаған жүректің тұсында тұрады.

Ұлттың ұлылығын оның батырлары айқындайды десек, сол батырларды ұмытпау — ұлтқа деген құрметтің ең биік көрінісі. Өйткені ұмытылған ерлік — үнсіз қалған тарих. Ал үнсіз тарих — келер ұрпаққа жетпей қалған аманат.

Мен үшін бұл — жай ғана өткенді еске алу емес. Бұл — өзіңнің кім екеніңді, қайдан келгеніңді, қандай рухтың мұрагері екеніңді сезіну.

Е.САҒЫНЫШ.

О ГЕРОЯХ БЫЛЫХ ВРЕМЁН...

9 мая 2026 года исполняется 81 год Великой Победе! Долгие четыре года наши отцы, деды и прадеды вели священную борьбу с фашистскими захватчиками. Мы помним, гордимся и чтим всех, кто защитил нас от коричневой чумы, благодаря бесстрашию и отваге которых мы живём в мире и согласии. Мы испытываем безмерную скорбь, когда представляем какую цену заплатила страна за Победу!

Вечная память всем, кто положил жизнь на чашу весов Великой Победы!

Касым-Жомарт Токаев в интервью газете "Ана тілі" (2025 г.) прекрасно сказал о воинах Победы следующие слова: "Казахстанцы внесли значительную лепту в разгром нацизма. Наши отцы и деды героически воювали на всех фронтах, Казахстан к тому же стал надежным тылом, сыграл важную роль в снабжении армии вооружением, промышленными товарами и продовольствием". Особо подчеркнул наш Президент свой тезис «Чтить героев, беречь мир!», который стал главным в нашей работе.

Тема Великой Отечественной войны всегда присутствует на страницах нашей районной газеты. О героях войны, наших земляках — погибших и вернувшихся с полях сражений, пропавших без вести, и стигнувших в фашистских концентрационных лагерях смерти журналисты рассказывали в повседневных и специальных номерах, посвящённых Дню Победы. И сегодня в предпраздничном выпуске газеты мы продолжаем знакомить читателей с судьбами героев прошедшей войны. Читайте и не оставайтесь равнодушными, пишите нам о своих родственниках, близких и просто знакомых, чтобы все узнали о героях былых времён...

«Жаналық жаршысы» газетіне 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу басталды

Началась подписка на газету «Жаналық жаршысы» на второе полугодие 2026 года

индекс	Жазылушылар санаты Категория подписчиков	Бағалар/Цены		
		қала/город	ауыл/село	
67510	Жеке тұлғалар үшін Физические лица	6 ай 6 мес.	3 685,80 тг	3 685,80 тг

«Қазпошта» АҚ-ның Ақтөбе облыстық филиалының Әйтеке би аудандық пошта байланыс торабының операторларынан немесе ауылдық жерде орналасқан пошта бөлімшелерінің қызметкерлерінен толық мәлімет алуға болады.

Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты ақпараттарды ала аласыздар: 8-71339-22-5-68 (редакция)

РАСПИСАЛСЯ НА СТЕНЕ РЕЙХСТАГА!

Колганатов Шынгали (1920-1987)



Колганатов Шынгали родился в 1920 году в ауле №2 Ирگزского района. С 1931 по 1934 годы воспитывался в детском доме. Затем поступил и в 1937 году успешно окончил педагогический техникум в городе Темир. В 1938-1940 годах работал учителем в средней школе имени И.В.Сталина в посёлке Ирگز.

В октябре 1940 года Ирگزским РВК был призван в ряды Красной Армии и по февраль 1946 года проходил службу. Участник Великой Отечественной войны. В годы войны участвовал в освобождении Киева, Варшавы, Будапешта и встретил Победу в Берлине.

Как и другие солдаты, дошедшие до Берлина, расписался на стенах Рейхстага и гордился этим всю жизнь.

Рассказал об этом и журналисту районной газеты «Целинная новь», который подготовил материал про ветерана ко Дню Победы в далёком 1981 году.

За мужество и героизм, проявленные в боях с фашистами, Ш.Колганатов награждён орденами Красной Звезды, Славы III степени, Отечественной войны I и II степеней, медалями «За Отвагу», «За освобождение Праги, Будапешта, Кенигсберга, Варшавы» и «За взятие Берлина», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «40 лет Победы в Великой Отечественной войне», «Ветеран труда» и «Ветеран войны», другими юбилейными медалями.

Демобилизовался в 1946 году и начал работать до 1953 года ответственным секретарём Фурмановской районной газеты «Колхоз туы» (Уральский регион), позже — заместителем председателя колхоза имени Фурманова в том же районе. Работал в начальной школе «Жас Кайрат». В 1951-1952 годы чемпион Уральской области по вольной борьбе.

В 1954 году переехал в Актобинскую область и до 1980 года работал учителем в Баскудукской средней школе Ирگزского (Комсомольского) района, откуда и вышел на заслуженный отдых.


Шынгали Колганатов скончался в 1987 году в селе Комсомольское. Вечная память герою!

ОХРАНЯЛ СЕВЕРНЫЕ РУБЕЖИ

Виктор Николаевич Смолкин (1906-1980)

Виктор Николаевич Смолкин призвался в Красную Армию из Алтайского края. Служил в суровом и снежном Заполярье охраняя северные границы нашей Родины. За отличные действия в военное время и проявленное мужество танкист Гвардии старший сержант Смолкин был награждён медалью «За Отвагу», медалью «За Оборону Советского Заполярья». «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»

В годы освоения целинных земель приехал в совхоз «Щербаковский», где проработал до ухода на заслуженный отдых.



ОСВОБОЖДАЛ ЕВРОПУ И ЗАПАДНУЮ УКРАИНУ

Клюев Виктор Алексеевич (1926-1988)



Родился в с.Ново-Покровка Горьковского района Омской области. После окончания школы в 17 лет добровольцем ушёл на фронт, было это в 1943 году. Был зачислен в стрелковый полк, который дислоцировался в г.Ачинск Красноярского края. Вместе со всеми солдатами имевшими навыки тракториста был отправлен в г.Тюмень в танковый полк. После формирования полка и обучения личного состава прибыли на фронт в Украину г.Ровно.

Танкист Клюев воевал, освобождая от фашистов Западную Украину, Белоруссию, Польшу. Тяжелейшие бои с фашистами были под Брестом на границе СССР и Польши, далее Люблин, Познань, а затем — Победа!

В составе группы войск был направлен в Западную Украину на ликвидацию усиленных группировок немцев и «власовцев», для борьбы с бандеровцами, засевшими в лесах и терроризировавшими местное население. В специальном 277 полку Министерства Государственной безопасности В.Клюев уничтожал врагов до 1947 года. Награждён за мужество и героизм именными часами от МГБ Украинской ССР, медалями. В юбилейном 1985 году награждён орденом Отечественной войны.

В годы освоения целинных земель приехал в Казахстан, работал механизатором в совхозе «Комсомольский» до ухода на заслуженный отдых.

ОН БЫЛ ОФИЦЕРОМ СВЯЗИСТОМ

Орынбасар Тургелов (1922-1996)



Родился в 1922 году в Актобинской области, Карабутаком районе, аулсовете №15. Был призван в Красную Армию Карабутакомским РВК 5 января 1942 года. После окончания офицерских курсов ему было присвоено воинское звание лейтенант. Воевал в составе 370 стрелкового полка 343, а затем 307 стрелковой дивизии на Брянском фронте.

Служил офицером связи и в одном из предсталией к награде есть такие строки: «...лейтенант Тургелов - офицер связи штаба дивизии за время наступательных действий дивизии выполнял все задания командования чётко и в срок, проявляя при этом настойчивость

и инициативу.

При выполнении одного из заданий был ранен и, несмотря на это, доставил донесение в штаб армии в срок - достоин правительственной награды медали «За боевые заслуги».

За время войны гвардии старший лейтенант О.Тургелов был награждён за мужество и героизм орденом Красной Звезды, медалями «За боевые заслуги», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.». В юбилейном 1985 году награждён орденом Отечественной войны.

До ухода на заслуженный отдых трудился в совхозе «Кызылжудынский», скончался в 1996 году.

7 мая в День защитника Отечества в посёлке Аралтобе пройдёт турнир по шахматам и шашкам в возрастной категории 60+, участие героя Великой Отечественной войны Орынбасара Тургелова.

УЧАСТНИК ДВУХ ВОЙН

Полькин Иван Иванович (1910-1981г)

Родился в Оренбургской области, Бугурусламском районе, д. Бестужевка 15 июня 1910 года. После окончания школы работал механизатором в колхозе. Участник финской войны 1939 года, участник Великой Отечественной войны. Был призван в Красную Армию Чкаловским ГВК в августе 1941 года. Попал на фронт в сентябре 1941 года, воевал на Белорусском фронте, закончил войну в Кенигсберге, демобилизовался в сентябре 1945 года. Участник исторического парада на Красной площади 23 февраля 1942 года.

За мужество и героизм награждён орденом Красной Звезды, медалями «За Отвагу», «За взятие Кенигсберга», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.»

В числе первоцелинников в 1957 году приехал в Светлинский район Оренбургской области, с открытием на станции Союзная элеватора переехал в Казахстан в 1963 году. До ухода на заслуженный отдых работал на элеваторе. Скончался 4 января 1981 года.



ОРДЕН ИЗ РУК КАЛИНИНА

Кушанов Уразалы (1913-1984 г.г)



Родился 1 января 1913 года в местечке Кызыл-Жар (Комсомольский сельсовет) в семье потомственных кузнецов, живших оседло и обслуживающих торговый путь между г.Орском и степью. Образование получил в Богетколе от мульты, который был нанят для обучения детей.

С 1932 года проживал в п.Кумак Оренбургской области, откуда в 1933 году был мобилизован в Красную Армию сначала на 6 месяцев, а затем в 1939 году на финскую войну. Воевал красноармейцем стрелкового полка с первого до последнего дня. В 1940 году отправлен служить на новую границу СССР с Польшей в западную Белоруссию, где и встретил начало Великой Отечественной войны.

Воевал на Смоленском направлении в составе пехотного полка, затем под Москвой. После реформирования был зачислен в саперный полк резервного фронта в качестве сапера-минера. Участвовал в спецоперациях по вражеским тылам. За выполнение боевой задачи в составе группы был награждён орденом боевого Красного Знамени, награду в Кремле вручал лично М.Калинин — Председатель Верховного Совета СССР. Принимал участие в исторической битве под Москвой, затем часть перебросили по «дороге жизни» в блокадный Ленинград. Получил тяжелое осколочное ранение в голову - лечился в госпитале, заслуживал демобилизации, но остался воевать. Участвовал в прорыве блокады города, освобождал г.Выборг, Карелию. Войну закончил в звании ефрейтора, был награждён также медалями «За Отвагу», «За оборону Смоленска», «За оборону Москвы», «За оборону Ленинграда», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», юбилейными медалями.

В мирное время работал до 1963 года проходчиком на шахтах, затем по состоянию здоровья переехал в с.Комсомольское. Работал в совхозе животноводом до ухода на пенсию.

Воспитал 8 детей, скончался в 1984 году, похоронен в с.Комсомольское.

ИХ СОЕДИНИЛА ВОЙНА

Широков Николай Афанасьевич (1923-1984)

Родился 1 мая 1923 года, в Челябинской области. Воспитывался в детском доме, в 1941 году ушёл добровольцем на войну. Участник Великой Отечественной войны боевое крещение получил под Воронежем. С боями прошёл славный боевой путь от стен Воронежа до Берлина, штурмовал рейхстаг. В боях с фашистами был тяжело ранен, но после лечения в госпитале возвратился на фронт.

За мужество и героизм награждён медалями: «За боевые заслуги», «За взятие Берлина», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», орденом Отечественной войны, юбилейными медалями.

В послевоенное время работал над восстановлением народного хозяйства, в 1964 году с семьёй переехал в Казахстан на целину. Работал в совхозе «Северный», затем в совхозе «Восточный» Комсомольского района до ухода на заслуженный отдых.



Широкова Евгения Васильевна
На фото: Супруги Широковы (1923-1996)

Родилась в 1923 году в Харьковской области Украинской ССР. Когда немецкие оккупанты вошли на Харьковскую землю, ушла в партизанский отряд, где была медсестрой. В 1943 году партизанский отряд вошёл в состав 3 Украинского фронта, а затем 1 Белорусского фронта Евгения официально получила красноармейскую книжку и стала медсестрой.

Победу Гвардии старший сержант медицинской службы Гетьман (девичья фамилия) встретила в Берлине, а в 1946 году её нашёл спасённый на поле боя раненый солдат — Николай Широков. Тогда же в 1946 году сыграли скромную свадьбу и прожили трудную послевоенную жизнь, работая на восстановлении объектов народного хозяйства.

Награждена за мужество и героизм медалями «За боевые заслуги», «За взятие Берлина», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», юбилейными медалями.

В 1964 году приехала с семьёй на целину в Казахстан, работала в совхозах «Северный», «Восточный» Комсомольского района до ухода на заслуженный отдых. Скончалась в 1996 году и похоронена на сельском кладбище п.Сулуколь.

ПОДВИГ ВО ИМЯ РОДИНЫ

В истории Великой Отечественной войны особое место занимают судьбы солдат, отдавших жизнь за свободу и независимость Отечества. Одним из них является Бекниязов Ахметжан Жургенбаевич — человек, проявивший мужество и верность воинскому долгу в самые тяжёлые, первые месяцы войны.


С началом боевых действий Ахметжан Жургенбаевич был призван в ряды Красной армии Ирگزским районным военным комиссариатом из посёлка Ирگز Актобинской области. Он служил в составе 101-й стрелковой бригады, участвовавшей в ожесточённых боях на центральном направлении фронта.

Особенно напряжённые бои развернулись в районе Ржев и близлежащих населённых пунктов. Здесь, в районе деревни Зайцево, части Красной армии вели тяжёлые оборонительные и контрнаступательные сражения.

В декабре 1941 года Бекниязов Ахметжан Жургенбаевич погиб, до конца исполнив свой воинский долг. Его гибель стала частью общей трагедии и одновременно героической страницы истории, связанной с боями на Ржевском направлении. Его имя навсегда связано с событиями, вошедшими в историю как Ржевская битва — одно из самых кровопролитных противостояний Великой Отечественной войны, начало которому было положено уже в 1941 году.

Спустя десятилетия память о герое остаётся живой. 23 апреля 2026 года его родственники — Бекниязов Абай Айтжанович, Жургенбаев Берик Бакижанович и Бекнияз Бек Амандыкулы — посетили братскую могилу в деревне Трубино, Ржевского муниципального района, Тверской области Российской Федерации. Они почтили память деда, возложили горсть родной иргзской земли и прочитали Коран, отдав дань уважения его подвигу и светлой памяти, а так же всем тем кто покоится вместе с ним в братской могиле.

Память о Бекниязове Ахметжане Жургенбаевиче, как и о тысячах других защитников Отечества, передаётся из поколения в поколение, оставаясь символом мужества, стойкости и беззаветной преданности Родине.



Шакиржан Жургенбаев,
пенсионер, племянник.

КӨКТЕМГІ ЕГІС — ЕЛ ҰРЫСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Көктем — даланың тынысы жаңғырып, жер-ананың бауыры бусанып, еңбек пен үміттің тоғысар шағы. Әр дәннің астарында — елдің ырысы, әр атыздың бойында — ауданның келешегі жатыр. Сондықтан көктемгі егіс науқаны — тек аграрлық жұмыс қана емес, ол халықтың әл-ауқаты мен өмірдің экономикалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды кезең. Әйтеке би ауданында биылғы көктем де осындай жауапты науқанмен басталып, дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы — аудан тіршілігінің күретауы. Егістік алқаптарының ұлғаюы, техниканың жаңаруы, еңбек адамдарының белсенділігі — мұның бәрі өмірдің дамуына серпін береді. Биылғы жоспарлар да осы бағыттағы тұрақты өсім мен нәтижелі еңбекті көздейді.

Әйтеке би ауданы бойынша 2026 жылы егілетін егіс алқабы 203,3 мың гектарды құрайды. Оның ішінде дөңді дақылдар 157,5 мың гектарға жоспарланған (оның ішінде бидай — 145,0 мың га, арпа — 10,0 мың га, дөңді бұршақ (чечевица-жасымық) — 1,5 мың га және құмай — 1,0 мың га). Майлы дақылдар көлемі 13,0 мың гектарды қамтиды



(құнбағыс — 8,0 мың га, мақсары — 2,9 мың га және зығыр — 2,0 мың га). Сонымен қатар мал азығы дақылдары 32,7 мың гектарға орналастырылса, картоп 0,025 га және көкөніс-бақша дақылдары 0,035 га жерге егілмек.

Егіс жұмыстарының табысты өтуі, ең алдымен, сапалы тұқым қорына байланысты. Бұл бағытта аудан бойынша қажетті тұқым толық құйылып, жетіспейтін көлемді қамтамасыз ету

мақсатында Ресей елімен, сондай-ақ көрші Орал және Қостанай облыстарымен келісімдер жүргізіліп, сатып алу жұмыстары қолға алынған. Бұдан бөлек, шаруашылықтар арасында аудандаралық тұқым алмасу жүйесі де жолға қойылып отыр.

Көктемгі далалық жұмыстарға дайындық аясында бірқатар агротехникалық шаралар уақытылы орындалды. Атап айтқанда, 54,1 мың гектар сүр

(пар) өңделіп, 42,8 мың гектар сүдгер жыртылды. Сондай-ақ 2025-2026 жылдардың қысқы кезеңінде 19,0 мың гектар алқапта бір ізді қар тоқтату жұмыстары жүргізілді. Бұл ылғал қорын сақтауға және болашақ өнімнің негізін қалауға мүмкіндік береді.

Көктемгі дала жұмыстарына 12 жауапкершілігі шектелуі серіктестігі, 4 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі және 98 шаруа қожалығы қатысады.

Науқанға барлығы 447 адам жұмылдырылып, 94 жүк көлігі, 100 трактор, 437 дән сепкіш және 35 егіс кешені тартылмақ. Қазіргі таңда техникалардың дайындығы 100 пайызды құрайды.

Егіс жұмыстарын жүргізу үшін жанар-жағармаймен қамту да назардан тыс қалмайған. Аудан бойынша 58 шаруашылық 2397,8 тонна арзандатылған дизель отынына өтім беріп, бүгінде келісім-шарттар жасалып, тасымалдау жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда аудан көлемінде 120 909 гектар алқапта ылғал жабу жұмыстары аяқталып, 5000 гектар жерде егіс алдындағы химиялық өңдеу жүргізілді. Сонымен қатар 1400 гектар алқапқа тұқым себіліп, оның барлығы мақсары дақылна тиесілі.

Көктемгі егіс — тек бүгінгі еңбектің нәтижесі емес, ол ертеңгі молшылықтың кепілі. Жерге сіңген әрбір дән — халықтың несібесі, ауданның өркендеуінің негізі. Сондықтан дала тесікпен тынымсыз тірлік пен маңдай тердің қайтарымы мол болып, биылғы жыл Әйтеке би ауданы үшін берекелі де табысты жылдардың бірі боларына сенім мол.

Әбді РАЕВ.

АҚКӨЛ АУЫЛЫ БАТЫР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАДЫ

Ер есімі – ел есінде. Бұл қағиданың ақиқаттығын Ақтөбе облысының Ақкөл ауылында өткен «Есімін ұлықтаған күн» атты игі шара тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жай ғана еске алу кеші емес, бұл – ұрпақтар сабақтастығын жалғасқан, батырдың өшпес рухы алдындағы ұлы тағзым. Бүгінгі арнайы тағмыз бен бейбіт өміріміз – Қуанай Әбдірахмановтай ағаларымыздың қанымен келген ұлы жеңістік жемісі екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Қуанай Әбдірахманов – жай ғана майдангер емес, ол – қазақ сарбазының қай-

есімін 2011 жылы іздеушілер мен профессор Асылбек Төлешовтің қажырлы еңбегі қайта жаңғыртты. Оның немере інісі Жеткерген Матаевтың табылуы – тарихтың қайта түлеуі іспетті еді.

Батырдың өмірі – жас ұрпақ үшін рухы биік мектеп. Біз бүгін оның есімін тек ескерту тақтасынан емес, жүрегіміздің төрінен орын алған қастерлі өсім ретінде танимыз. Оның «Мергеннің есебі» атты мақалаларда жазылған ерлігі – бүгінгі жастарға Отанды сүюдің, ерліктің қадірін түсінудің



Нұрлыбек және Алмағанбетов Батырбектердің демеушілігімен өткен бұл шарада жеңіс пен табандылықтың үлгісі көрсетілді. Турнир барысында батыр рухына тағзым еткен ауыл тұрғындары өздерінің спорттық шеберліктерін ортаға салды.

Дойбыдан ерлер арасындағы тартысты сында Байғабылов Сақтапберген жеңіске жетіп, Тржанов Қоныс пен Азірбеков Қастай жүлделі орындардан көрінді. Әйелдер арасында Сағынғалиева Қанымгүл топ жарып, Давлетова Әмина мен Ералиева Майнұрлар табандылық танытты. Шахмат тақтасында ой өрнегін көрсеткен ерлер арасында Үскенбаев Асылбек, Сатаев Еркінғали және Дүйсенбин Қортпанбеттер өз мықтылықтарын дәлелдесе, әйелдерден Билисова Жанат, Қамысбаева Гүлнар және Сарсенғалиева Әлиялар ерекше дайындықтарымен көзге түсті.

Ал ең қызықтысы – мергендік өнері сынаққа түскен мылтық ату сайысы болды. Мұнда ерлер арасында Зинуллин Насырролла озып шығып, Данышпанов Ұзақбай мен Сатаев Еркінғалилер жүлдегер атанды. Әйелдер арасында Байшотанова Ғалия, Ділмағанбетова Шолпан және Сағынғалиева Қанымгүлдер мергендік қырымен танылды.

Шара соңында ардагердің рухына арнап Құран бағышталып, дастархан жайылды. Қуанай Әбдірахмановтың өмірі – ұрпаққа өшпес өнеге. Осындай игі бастамалар арқылы біз батыр бабаларымыздың ерлігін ғасырлар бойы жадымызда сақтай береміз. Себебі, ер есімі ұлықталған елдің болашағы – жарқын, рухы – асқақ.



сарлығының символы. 1943 жылы «Қабақ» ұжымшарынан майданға аттанып, 186-шы атқыштар дивизиясының қатарында от кешкен жауынгер 373 жауды жойып, мергендік өнерімен аты шықты. Үшінші дәрежелі «Даңқ», екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған батыр 1945 жылдың қаңтарында Польша жерінде ерлікпен қаза тапты. Алайда, тағдырдың жазуымен жылдар бойы «хабар-ошарсыз кеткендер» тізімінде қалған батырдың

жарқын үлгісі. Біз батыр бабаларымыздың ерлігін еске ала отырып, оның бойындағы қайсарлық пен отансүйшілік қасиетті жас ұрпақтың бойына сіңіруді парыз санаймыз.

Осы орайда, Ақкөл ауылында ұйымдастырылған спорттық турнир де ерекше маңызға ие болды. Ақсақалдар алқасының төрағасы Қортпанбет Дүйсенбин бастаған азаматтар мен мергеннің туыстары – Азірбеков Қастай, Тржанов Қоныс, Тржанов Манас, Спанов Кербез, Садуақасов

Ерлік пен ұлағат

Көктемнің мөлдір шуақты күндерімен бірге адам жаны да жаңарып, өткенге тағзым, ерлікке құрмет сезімі тереңдей түседі. Осындай сәттерде ел үшін еңсесін тік ұстаған, соғыста ерлігімен, бейбіт өмірде еңбегімен дараланған азаматтардың тағлымды өмір жолы қайта жаңғырып, ұрпақ жадында жаңаша бедерленеді. Солардың бірі – ерлік пен еңбекті қатар өрген, ұлағатты ұстаз, ардақты жаң-ұрпақ жадында сақталатын өнегелі өмір, тағлымды тағдыр иелерінің бірі – Қожағұлов Тұрсынбек ағамыз.

Ол 1923 жылдың 15 маусымында Ырғыз ауданының 12-ауыл советінде, қазіргі Сарат селолық округінде дүниеге келген. Бала-лық шағы ауыр кезеңмен тұспа-тұс келіп, анасынан ерте айырылғандықтан, балалар үйінде тәрбиеленеді. Сонда жүріп 9 кластық білім алады. Ерте есейіп, өмірдің ашы-тұшысын жасынан таныған Тұрсынбек ағамыздың болмысы дәл сол жылдары қалыптасты.

1941 жылдың қыркүйегінде небәрі 18 жасында әскер қатарына алынып, Марий АССР-інің №42 қызыл әскер артиллериялық полкінде 1942 жылдың мамырына дейін дайындықтан өтеді. 1942 жылдың мамыр айынан бастап 1-ші Украина майданында 4-ші атқыштар полкінің, 6-шы гвардиялық

нағыз патриоттық рухтың белгісі. Жауынгерлік ерлігі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Ерен ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды, соғыстан кейін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденіне ие болды.

1946 жылдың тамыз айында кіші лейтенант дәрежесінде елге оралған Тұрсынбек ағамыз бейбіт өмірде де елге қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті. Қолына қару ұстап ел қорғаған азамат енді қалам алып, жас ұрпақ тәрбиесіне ден қойды. Ұстаздық жолды таңдап, саналы ғұмырын білім саласына арнады.

Жабасақ орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі, орыс тілі пәнінің ұстазы әрі қосымша шаруашылық меңгерушісі қызметтерін атқарып, қырық жылға жуық еңбек етті. Ұстазға төн сабыр мен талапшылық, мейірім мен жауапкершілік оның бойынан табылып, шәкірт жүрегінен орын алды. Өзілі жарасымды, мінезі жайдары, бірақ тәртіпке келгенде қатаң ұстаз ретінде есте қалды.

Әсіресе, сол кезеңде барлық оқу үдерісі орыс тілінде жүргенін ескерсек, Тұрсынбек ағамыздың орыс тілі мен оның грамматикасынан терең білім беруі көптеген шәкірттің жоғары оқу орындарына



ты Асан Еренов те өз естелігінде алғашқы әскери даярлық сабағында саптық жүрісті терең меңгергенін, соның армияда үлкен көмегі тигенін жеткізді.

Зейнел Бекетов ұрпақтары атынан Абдолла Қожағұловқа және шараға қолдау білдірген Жабасақ ЖББОМ ұжымына аудандық ардагерлер кеңесінің алғыс хатын табыстады.

Турнир қорытындысы бойынша шахматтан 8, дойбыдан 14 қатысушы бақ сынады. Шахматтан жүлделі орын 1-орын – Әкімгерей Ақмурзинге, 2-орын – Төрегелді Көшкінбаевқа, 3-орын – Болат Сүлейменовке берілсе, дойбыдан Төрегелді Көшкінбаев Төрегелді бірінші, Тоқтарбек Әбдіхалықов екінші және Сәндібек Байзақов үшінші жүлдеге ие болды.



атқыштар дивизиясының құрамында жауынгерлік жолын жалғастырды. Взвод командирі ретінде алғы шепте жүріп, талай қиян-кескі ұрыстарға қатысты. 1943 жылдың қараша айынан бастап 1-ші Украина майданының №52 атқыштар полкінде, кейін 1943 жылдың желтоқсаны мен 1945 жылдың тамызы аралығында 42-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында взвод командирі болды.

Бұл – сол кезең үшін зор жауапкершілік пен үлкен сенімнің көрінісі еді. Соғыс жылдарында қазақ азаматтарының офицерлік дәрежеге жетуі оңай болмағаны белгілі. Сондықтан Тұрсынбек ағамыздың взвод командирі болуы – оның қайсарлығы мен білімінің, батылдығы мен табандылығының айқын дәлелі, үлкен құрмет пен беделдің белгісі еді. Бөлім командирі саптан шыққан сәттерде де батылдығын танытып, взвод басқаруын өз қолына алып, бөлімшені шебер ұйымдастыра білді. Взводтың атыс күшімен жаудың дзоттары мен атыс нүктелерін жойып, елді мекендерді азат етуге үлес қосты.

Соғыс жылдарында ол екі рет ауыр жарақат алды. Алайда жарاقاتынан айығып, қайтадан майдан даласына оралуы – туған елге деген шексіз сүйіспеншіліктің,

қиналмай түсуіне жол ашты. Бұл – ұстаз еңбегінің өшпесіміз жемісі еді. Ал шахмат десе, ішкен асын жерге қоятын қасиеті оның ой-өрісінің кеңдігін, зерделілігін айқындайтын ерекше қыры болатын.

1949 жылы отбасын құрып, он бала тәрбиелеп өсірді. Үш перзентінен ерте айырылғанымен, қалған балаларын адалдыққа, еңбекке, бірлікке тәрбиелеп, берекелі әулеттің негізін қалады. Бүгінде сол ұрпақтары еке аманатын адалдық танытып, елге қызмет етіп келеді.

Жақсының аты өшпейді. Жабасақ ауылында аудандық ардагерлер кеңесінің жоспарына сәйкес Тұрсынбек ағамызды еске алуға арналған шахмат пен дойбыдан турнирдің жоғары деңгейде өтуі – соның дәлелі. Шара барысында балалары Қайрош пен Әке жолын жалғала келе жатқан Абдолла Қожағұловтар сөз сөйлеп, әке рухына тағзым етіп, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Зейнел Бекетов, осы ауылдың түлегі, шәкірттерінің бірі Әкімгерей Ақмурзин ұстаздың ұлағаттылығын, білім беру шеберлігін, тәртіпке деген беріктігін ерекше атап өтті. Кәсіпкер, аудандық мөлхат депута-

ты Жәніпаздар қаржылай сыйақы және медальдармен, Жабасақ ауылдық округі әкімінің грамоталарымен марапатталды.

Осы турнирдің басты демеушісі болған ұстаз аға ұрпақтары бірінші орынға 50 мың, екінші орынға 30 мың, үшінші орынға 20 мыңнан берсе, жарысқа қатысқан әрбір қатысушылар мен шара барысында өз қызметтерін көрсеткен мобилер мен музыкалық өрлеушінің құр қайтармай 5 мың теңгеден жұбаныш сыйлығын табыстады.

Бұл – жарысқа қатысқан әрбір жанның еңбегіне берілген лайықты баға. Екеден қалған адал қызметті бағалау, әрбір қтпсушының бәсін түсірмеу болып табылады. Турнирдің жоғары деңгейде өтуіне демеушілік жасаған – ардагердің ұрпақтары соңында барлық қонақтарға дастархан жайып, ас берді, аға туралы естелік айтылды, құран бағышталды.

Екі майданның ардагері болған Тұрсынбек Қожағұлов ағамыздың ғибратты ғұмыры – ұрпаққа үлгі, елге мұра. Оның есімімен өрлігін осындай тағлымды шаралар ел жадындағы рухани сабақтастықты нығайтып, бірлік пен ұлағаттың мәңгілік шамшырағы болып қала бермек.

Е.ЫРҒЫЗҰЛЫ.

ОЛ КҮНДЕР КӨҢІЛДЕН ӨШПЕЙДІ



Кейде уақыт өткен сайын көмескіленудің орнына, керісінше, санада жаңғырып, жүрекке салмақ салар сәттер болады. Әсіресе, ел мен жер тағдыры таразыға түскен кезеңдерде көрген оқиғалар адамның өмірлік ұстанымын қалыптастырып, азаматтық болмысын айқындай түседі. Мұндай естеліктер – тек жеке адамның тарихы емес, тұтас бір дәуірдің шындығы. Сол кезеңнің куәсі болған азаматтың бірі, бүгінде Ақкөл ауылдық округінде өкім болып қызмет атқаратын Нұрлан Жұмашев.

Ол 1988 жылы әскер қатарына шақырылып, әскери борышын Әзірбайжан Республикасының Таулы Қарабах өңірінде өтеді. Жас сарбаз үшін бұл кезең тек әскери қызмет емес, төзімділік пен сабырды, жауапкершілік пен адамгершілікті сығна салған ауыр сынақ болды.

Кейіпкердің айтуынша, 1988 жылдың 29 қазанында оларды Ақтөбе қаласының әскери комиссариаты арқылы жолға шығарып, Баку қаласына жеткізген. «Бакуге түскен соң Баладжар станциясындағы Прибалочный базаға аларды. Сол жерде бір айдай әскери дайындықтан өтіп, ант қабылдадық», – деп еске алады ол. Кейін сарбаздарды Әзірбайжанның әр өңіріне бөліп жіберген. Нұрлан Бай-

ғалиұлы Сумгайд, Агдам, Алабашлы, Евлах, Нахичевань автономиялы облысы, Кировабад (қазіргі Гянджа) секілді елді мекендерде қызмет атқарған.

Оның айтуынша, алғаш рет халықтың жаппай ұйымдасқан демонстрациясын сол жерде көрген. Кең кешелерге жиналған жұрттың үнінде тек наразылық емес, туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік жатқанын сезінген. «Кішкентай ғана баланың «Қарабах біздікі» деп айқайлағанын көргенде, халықтың өз жеріне деген ықыласын анық байқадық», – дейді ол.

Алайда бұл толқулар көп ұзамай қайғылы оқиғаларға ұласқан. 1990 жылдың 20 қаңтарында Бакуде әскери қақтығыс басталып, кеңес әскері көшеге шыққан халықты күшпен басып-жаншыған. Бұл күн кейін тарихта қаралы кезең ретінде қалды. «Көшеге бақылауға шығу – біздің міндетіміз болды. Қандықырғында жараланғандар мен қаза тапқандарды көп көрдік. Мүрделерді көліктерге тиеп, тапсырылған жұмысты орындауға тура келді», – деп еске алады кейіпкер.

Ол 72407 әскери бөлімінде қызмет етіп, старшина лауазымымен елге оралған. «Мыңдаған адамның наразылыққа шығып, қырығына ұшырағанын көрдік. Бұл жағдай халықтың ашу-ызасын күшейтті. Сол шилеленісті басу үшін бүкіл кеңестік армияның жиналғанына күт болдық», – дейді ол. Қақтығыс кезінде түрлі ауыр жағдайларды бастан өткергенін, тіпті жарылған автобустар мен жараланған адамдарды көрген сәттердің жадына мәңгі сақталғанын да жасырмайды.

Кейіпкер сол кезеңдегі геосаяси ахуалға да тоқталып, «Арменияға жан-жақты қолдау көрсетілгені байқалды, бұл жағдай Әзірбайжанға қы-

сымның күшеюіне әсер етті», – деген ойын білдіреді.

1990 жылдың желтоқсан айында елге оралған Нұрлан Байғалиұлы үшін бұл кезең өміріндегі ең ауыр, бірақ ең маңызды сабақтардың бірі болып қалды. Жылдар өткен соң, арада 36 жыл салып, ол қайтадан Қарабах өңіріне барып қайтқан.

Сапар барысында көрген өзгерістер оны ерекше толғандырған. Бұрынғы қақтығыс алаңы бүгін мүлде басқа кейіпке енгенімен, халықтың рухы өзгермеген. «Экономикалық жағдайы аса жоғары болмаса да, адамдардың елге деген құрметі ерекше. Әсіресе әр үйдің төбесінде желбіреген мемлекеттік туларды көріп, олардың Отанға деген сүйіспеншілігін анық сезіндім», – дейді ол.

Бұл көрініс кейіпкердің санасында терең ой қалдырған. Өткеннің ауыр сабағы мен бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін салыстыра отырып, ол жас буынға үлкен мәні бар қорытынды жасайды.

Бүгінгі тәуелсіз елдің жастары үшін мұндай естеліктер – жай ғана тарих емес, патриоттық тәрбиенің қайнар көзі. Әскери қызмет – тек міндет емес, елге деген адалдықтың өлшемі. Қарабахта көрген қиындықтар мен халықтың туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі әр азаматқа ой салары анық.

Уақыт алға жылжығанымен, ел мен жерге деген құрмет, Отанға деген адалдық өзгермеуі тиіс. Қарабахтың кешегі қақтығысы мен бүгінгі тынысы – соның айқын дәлелі. Ендеше, әрбір жас жүрегіне туған елге деген махаббаты биік ұстап, бейбіт өмірдің қадірін терең сезіне білсе – бұл өткеннің ең үлкен сабағы болмақ.

Бетті әзірлеген Егенберлі Әбдіраев. «Жаңалық жаршысы».

ОТАН ҮШІН ЖАСАЛҒАН ЕРЛІК

Ұлы Отан соғысы тарихында Отан бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жанын қиған жауынгерлер тағдыры айрықша орын алады. Солардың бірі – алғашқы, ең ауыр кезеңдерде ерлік пен әскери борышына адалдық танытқан Бекниязов Ахметжан Жүргенбайұлы.

Соғыс басталған сәтте Ахметжан Жүргенбайұлы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданынан Ырғыз аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 101-ші атқыштар бригадасы құрамына жіберілді. Бұл құрам орталық майдан бағытында жүріп жатқан кескілескен ұрыстарға қатысты.

Аса ауыр шайқастар Ржев қаласы мен оған жақын елді мекендер маңында өтті. Зайцево ауылы маңында Қызыл Армия бөлімдері жау әскерінің ілгерілеуін тоқтатып, табанды қорғаныс және қарсы шабуыл ұрыстарын жүргізді. 1941 жылдың желтоқсан айында осы ауыр шайқастардың бірінде Бекниязов Ахметжан Жүргенбайұлы ерлікпен қаза тапты. Оның есімі кейін тарихқа Ржев шайқасы деген атпен енген ең қанды ұрыстармен тығыз байланысты.

Арада талай жыл өтсе де, батырдың есімі ұмытылған жоқ. 2026 жылдың 23 сәуірінде оның ұрпақтары — Абай Бекниязов, Берік Жүргенбаев және Бек Бекнияз Ресей Федерациясы, Тверь облысы, Ржев ауданындағы Трубино ауылындағы бауырластар зиратына барып, аталарының рухына тағзым етті. Олар туған жер — Ырғыз топырағынан ала барып, зират басына қойып, Құран бағыштады.

Бекниязов Ахметжан Жүргенбайұлының есімі мыңдаған Отан қорғаушыларымен бірге ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Олардың ерлігі — бүгінгі бейбіт өмірдің негізі, елге деген шексіз сүйіспеншілік пен адалдықтың айқын үлгісі.

Шәкіржан Жүргенбаев, зейнеткер, немере інісі.





ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАНДА

Аудан орталығында абаттандыру мен санитарлық тазалық жұмыстары қарқын алып, елді мекеннің келбетін жаңғырту бағытындағы жүйелі істер жалғасуда. Бұл бастамалар – тек инфрақұрылымды жақсарту ғана емес, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, ортақ ортаға деген жанашырлықты күшейтудің нақты көрінісі.

Жуырда аудан басшысы Д.Тоғызбаев пен Т.Жүргенов ауылдық округінің өкімі С.Еримбетов елді мекен аумағын аралап, санитарлық тазалық пен көркейтудің жұмыстарының барысын назарға алды. Аралау барысында атқарылып жатқан істердің сапасы сараланып, алдағы міндеттер айқындалды. Әсіресе, Тыңгерлер көшесіндегі саябақты қайта жаңғырту жұмыстары тұрғындар үшін көптен күткен игіліктің біріне айналды. Жаңартылып жатқан демалыс аймағы алдағы уақытта аудан халқының сүйікті тынығу орны болмақ.

Сонымен қатар, аудан орталығындағы бірқатар көшелерге қиыршық тас төсеу жоспарланып, жол инфрақұрылымын жақсартуға басымдық берілуде. Тұр-

мыстық қалдықтарды уақытылы шығару, қоқыс жәшіктерін орнату мәселелері де кезең-кезеңімен шешімін табуда. Қыс мезгілінен кейін жиналған қалдықтарды жедел тазарту қажеттігі атап өтіліп, бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасатыны жеткізілді.

Осы игі істердің жалғасы ретінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясын-



Е.Жайсаңбаев.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ – ИГІ ІСТЕН БАСТАЛАДЫ



Сарбулақ еллімекеніндегі Мамыт негізгі білім беретін мектептің ауласын көгалдандыру мен абаттандыру мақсатында осы білім ордасының түлегі Манарбек Бұхарбаев өзінің жеке бастамасымен ағаш отырғызу ісіне зор үлес қосты. Ол мектеп ауласына арнайы екі түп шырша әкеліп отырғызып, айналасы көркейтуге атсалысты.

Туған жерге деген құрмет пен шынайы жанашырлық осындай қарапайым, бірақ маңызы терең істерден басталады. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналықты ұстанған азаматтың бұл қадамы – Отансүйіштіктің нақты үлгісі. Өз ауылының, өскен ортасының гүлденуіне үлес қосу – әрбір жанның перзенттік парызы болса керек.

Егер әрбір тұрғын осылайша бір-бір ағаштан егіп, қоршаған ортаның тазалығы мен сұлулығына көңіл бөлсе, әрбір ауылдың ажары ашылып, көрікті мекенге айналары сөзсіз. Табиғатты қорғауға деген осынау жанашырлыққа толы игі іс – өскелең ұрпаққа, мектеп шәкірттеріне үлкен өнеге болары сөзсіз.

- Манарбекке осындай игі ісімен көрсеткен қолдауы мен туған жеріне деген ыстық ықыласы үшін мектеп ұжымы атынан шын жүректен алғысымызды білдіреміз, - дейді мектеп директоры Лаззат Балмаханова. - Түлегіміздің еңбегінің арқасында мектеп ауласы құлпырып, оқушыларымыз үшін жайлы әрі әсем орта қалыптасуда.

Е.РАЕВ.

Мемлекеттік қызметте өсу және меритократия қағидаты

Мемлекеттік аппараттың тиімділігі ең алдымен онда қызмет ететін мамандардың кәсібилігіне, тәжірибесіне және адалдығына байланысты. Осы тұрғыда мемлекеттік қызмет жүйесінде меритократия қағидатын орнықтыру – уақыт талабы.

Меритократия (лайықтылық) – мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаты, ол қызметшілердің қабілеті мен еңбек нәтижесіне, тәжірибесі мен кәсіби жетістіктеріне қарай іріктеуді көздейтін басқару жүйесі.

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметшілерді тағайындау мен ауыстыру рәсімдері нақты құқықтық тетіктер арқылы реттеліп, ашықтық пен әділдікке негізделген. Бұл жүйе тәжірибелі мамандардың мансаптық өсуіне, олардың әлеуетін тиімді пайдалануға және басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметшілерді тек конкурс арқылы емес, сонымен қатар ауысу тәртібімен де іріктелуге жол ашады.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сайек төрт тоқсан қатарынан бағалау бойынша жоғары нәтиже көрсеткен немесе мемлекеттік органда кемінде соңғы екі жыл келесі төмен тұрған лауазымды атқарған

қызметшілерге жоғары лауазымдарға ауысу тәртібімен орналастыру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай тәсіл қызметшінің жинақтаған тәжірибесін, кәсіби жетістіктерін және атқарған жұмысының нәтижесін ескеруге мүмкіндік береді. Демек, өз ісін жақсы меңгерген маман арқашан сұранысқа ие.

Мәселен, 2025 жылы Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының 39 қызметшісі, ал 2026 жылдың 1 тоқсанында 9 қызметшісі ауысу тәртібімен жоғары лауазымға тағайындалды. Сонымен бірге, өткізілген ішкі конкурстар нәтижесінде 2025 жылы 99 қызметші немесе барлық тағайындалғандардың 69,7%-ы, ал 2026 жылдың 1 тоқсанында 18 қызметші (немесе барлық тағайындалғандардың 69,2 %) жоғары санаттағы лауазымдарға тағайындалып, ілгеріленді.

Бұл көрсеткіштер өңірде кәсіби өсіміге нақты жағдай жасалғанын және тәжірибелі кадрларға сенім артылып отырғанын айқын көрсетеді.

Қызметтік өсудің мұндай мүмкіндіктері мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, оларды тұрақты түрде біліктілігін жетілдіруге, жаңа дағдылар-

ды игеруге ынталандырады. Себебі әрбір маман өзінің еңбегі бағаланатынын және өділ ілгерілеу мүмкіндігі бар екенін түсінеді.

Сонымен қатар, меритократия қағидаты кадрлық шешімдердің субъективтілігін азайтып, ашықтықты күшейтеді. Нәтижесінде мемлекеттік органдарда басқару сапасы жақсарып, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің тиімділігі артады.

Әрине, кадрлық рәсімдерді іске асыруда заңнаманы қатаң сақтау, құжаттарды сапалы рәсімдеу және персоналды басқару қызметтерінің кәсіби деңгейін көтеру маңызды. Бұл мемлекеттік қызмет жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етудің басты шарты.

Қорыта айтқанда, меритократия – тек шабуылға саясаттың ұстанымы ғана емес, ол – мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға бағытталған нақты құрал. Ал тәжірибелі, білікті әрі адал қызметшілердің қызметтік өсуі – қоғам игілігі үшін жасалған маңызды қадам.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Ардақ Елеусізова.

Газеттегі барлық материалдарды әзірлеген «Жаңалық жаршысы»-ақпарат

Меншік иесі: Геннадий СТРУЧКОВ

«Жаңалық жаршысы» аудандық газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат және мұрағат агенттігінде 2013 жылы 6 мамырда тіркеліп, №13598-Г куәлігі берілген

Жарияланым авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді және қолжазба қайтарылмайды. Жарнама мазмұны үшін жарнама беруші жауапты.

Редактор Егенберлі ӘБДІРАЕВ
Шеф-редактор А.Нұрболұлы
Есепші Бағдигұл Садықова

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 683 дана. Тапсырыс №625
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65510

Мекен-жайымыз:

030100 Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Әйтеке би көшесі, 28.
Байланыс телефондары: 8 (713-39) 21-1-87, директор 8 (713-39) 22-5-68

Газет «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«DAS Region» ЖШС

«Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы Южно-Иргизское кен орнының бөлігінде магмалық тау жыныстарын: құрылыс тасы (габбро) өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарынды нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шараларының жоспары жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 8 маусымда сағат 14.30-да Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай а.о., Милысай а., Ү.Алтынсарин к-сі, 1, Милы бастауыш білім беру мектебі мекенжайында өтеді.

Әсер ету аумағы – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай а.о., Милысай а.

Кен орнының географиялық координаттары - 49° 20' 40,1" с.е. 60° 15' 10,0" ш.б.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ aktobe.uprrp@yandex.kz электрондық мекенжай бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/87006294877?pwd=ebR1NHQ91A2SzPDezC9l2naY1ZlSFL1>

Конференция идентификаторы: 870 0629 4877. Кіру коды: k25Z40.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: laura13_88@mail.ru және 87085265393 телефоны.

Жоба бастамашысы: «DAS Region» ЖШС, БСН 240640017976, ҚР Ақтөбе қ., Астана ауданы, Алтын орда шағынауданы, 9/5 үй, 1 корпус, 24 пәтер, тел.: 87779990064, e-mail: guljan_b@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «Pegas oil company» ЖШС, БСН 140840007866, ҚР Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Балауса т.а., 704/7 үй, тел.: 87771679393, e-mail: marat_bekmukasha@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DAS Region»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: Раздел охраняемой окружающей среды, проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий для «Плана горных работ на добычу магматических горных пород: строительного камня (габбро) на части месторождения Южно-Иргизское в Айтекебийском районе Актюбинской области».

Общественные слушания состоятся 8 июня 2026 года, в 14.30, по адресу: Актюбинская область, Айтекебийский район, Аралтогайский с.о., с.Милысай, ул.И.Алтынсарина, 1, Милинская начальная образовательная школа.

Территория воздействия - Актюбинская область, Айтекебийский район, Аралтогайский с.о., с.Милысай. Географические координаты месторождения - 49° 20' 40,1" с.ш. 60° 15' 10,0" в.д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также по эл. адресу: aktobe.uprrp@yandex.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) организационных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключения:

<https://us05web.zoom.us/j/87006294877?pwd=ebR1NHQ91A2SzPDezC9l2naY1ZlSFL1>

Идентификатор конференции: 870 0629 4877. Код доступа: k25Z40.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: laura13_88@mail.ru и по телефону: 87085265393.

Инициатор проекта: ТОО «DAS Region», БИН 240640017976, РК, г.Ақтөбе, район Астана, Микрорайон Алтын орда, дом 9/5, корпус 1, кв. 24, тел.: 87779990064, e-mail: guljan_b@mail.ru.

Разработчик проекта: ТОО «Pegas oil company», БИН 140840007866, РК, г.Ақтөбе, район Алматы, ж.м. Балауса, дом 704/7, тел.: 87771679393, e-mail: marat_bekmukasha@mail.ru.

ЖОЛ ТӘРТІБІ – ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІ



Жуырда жасөспірімдер арасында «Жас жол инспекторлары» жасөспірімдер арасындағы жол жүру ережелерін аталған іс-шараның негізгі мақсаты жол қауіпсіздігін насихаттау, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ сақтардың адал қымысқа сәлемдестігіне қолдау болып табылады. Слетке аудан

жол қауіпсіздігін насихаттау, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ сақтардың адал қымысқа сәлемдестігіне қолдау болып табылады. Слетке аудан

мектептерінен құрылған жасақтар қатысып, бірнеше кезең бойынша өз білімдері мен шеберліктерін ортаға салды.

Қатысушылар жол қозғалысы ережелері бойынша теориялық білімдерін саралап, түрлі жағдаяттық тапсырмаларды шешу арқылы көшедегі қауіпсіздіктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Сонымен қатар, үгіт-насихат жұмыстары мен сахналық қойлымылар арқылы оқушылар жол қауіпсіздігіне қатысты маңызды ақпараттармен белісіп, өздерінің белсенділіктерін танытты. Бұл балалардың көшеде сақ болуына, жол ережесіне бей-жай қарамауына және жауапкершілікті ерте жастан сезінуіне бағытталған.

Слет қорытындысы бойынша үздік деп танылған жасақтар арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды. Осындай мазмұнды шаралар жасөспірімдердің жол қауіпсіздігі ережелеріне деген құрметін арттырып, құқық бұзушылықтың алдын алуға және балалардың өмірін сақтауға оң әсерін тигізеді.

Өз тілшімізден.

КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Көктем алғашқы жасып шөп алғаш шыққан кездегі өрт қауіпті маусым болып саналады. Осы кезеңде өрт кез-келген сөндірілмеген темекі тұқылынан, күнмен қыздырылған сыған әйнектен, құрғақ шөптің арнайы күйіп кетуінен және аумақтарды тазарту кезінде қоқыстың бақылаусыз жағдан туындауы мүмкін.

Елді мекендердің, бау-бақша немесе саяжай коммерциялық емес бірлестіктерінің шекараларында орналасқан жер учаскелерінің құдық иелері (жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар, жер иелері және жер учаскелерін жалға алушылар) қоқыстарды үнемі тазалап, шөп шабуға міндетті және ауыл шаруашылығы алқаптарын арамшөптердің өсуінен қорғау және шабындықтарда шөп шабуды уақтылы жүргізу жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

Өз кезегінде көктемгі егіс жұмыс-

тары кезінде тыйым салынады:

- тракторлардың, өздiгiн жүретiн шассилердiң және калотсыз немесе ашық сормыштары бар автомобильдердiң жұмысы;

- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамай, сабан, есімдік қалдықтарын жағу және егістіктерде от жағу;

- ормандарға, қорғаныш және көгалдандыру орман екептеріне тікелей іргелес жатқан жер учаскелерінде орман шаруашылықтарымен келіссүз және тұрақты бақылаусыз шөпті жағу, қоқысты жағу;

- майланған немесе бензинмен, керосинмен немесе өзге де жанғыш заттармен сіндірілген материалдарды (қағаз, мата, мақта және т.б.) осы үшін арнайы көзделмеген жерлерде қалдыру; - жол жиектерінің шекараларында және автомобиль жолдарының жол бойындағы белдеулерінде масақ дақылдарын себу. Осы жо-

лақтарда шабылған шөптің шұңқырларын астық алқаптарынан кемінде 30 метр қашықтықта орналастыру керек. Ауыл шаруашылығы техникасында өрт сөндіру құралдарының болу нормаларын сақтау қажет, бұл ретте оларды дереу пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін тұрақты әзірлікте ұстау қажет.

Егіс алқабындағы өрт қауіпсіздігінің алдын алу шаралары:

- егіс алқабы мен дала қосында, қырман басында ретсіз от жаппау керек;

- егістік алқабындағы барлық адамдар өрте қарсы нұсқауларды міндетті түрде білуі тиіс;

- барлық комбайншылар мен тракторшылар, автокөліктерді астық тазартатын агрегаттарды және май қоймаларын өрт сөндіргіш құралдарымен қамтамасыз ету керек;

- дала қостарының айналасын соқпамен, енін 4 метр етіп айдап тастау керек;

- өрте қарсы құралдар мен өрт сөндіргіштердің барлық уақытта толық дайындықта болуын қамтамасыз ету қажет.

Егер сіз өрттің немесе тұтандудың көгері болсаңыз «101», «112» номерлеріне дереу хабарласыңыз.

Қауіпсіздік ережелерін бұзу апатқа әкелуі мүмкін. Сондықтан сіз өрт қауіпсіздігі ережелерін білуіңіз және өрттің алдын алу шараларын сақтауыңыз керек.

Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.